

**«Баланың сөйлеу тілін
дамытатын жаттығулар»**

Дайындаған: Саукенова А.З

Сөйлеу тілі дамуына психолог қандай қызмет атқарады деген сұраққа жауап іздесек, негізгі міндеті баланың ұсақ жіне ірі моторикаларына жауап беру.

Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Ұсақ саусақ моторикасын дамытатын ойындар мен жаттығулар өте көп. Олар шартты түрде топтарға бөлінеді. Қол, қолдың білезік және саусақтарының қозғалысының дамуына оң әсер ететін заттық ойындар, яғни ойыншықтармен, кез-келген заттармен өткізіледі. Ойын барысында бала қолдарымен әртүрлі қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады. Саусақтармен ойнау ата-аналарға балаларын қуантуға, сонымен қатар, сөйлеуі мен ұсақ моторикасын дамытуға мүмкіндік береді.

Моншақтармен ойын. Екі қолдың да бағдарлауын арттырады. Балаға тізуге арналған бау және әр түрлі теңдіктегі, әр түрлі диаметрлі моншақтар беріледі. «Көз-қол» бағдарлауын жетілдіреді. Бұл ойында тек қол ісмерлігі ғана емес, сенсорлық (түс, көлем, пішін) қабілетті дамиды. Баулармен ойындар Сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

Қысқыштармен ойындар. Қысқыштармен ойналатын ойындар өте нәтижелі. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді. Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады.

Сурет салу. Сурет салу – Барлық балалар жақсы көретін, әрі пайдалы ісі. Қарындаш, қылқаламмен парақта, қатты қағазда сурет салу қатып қалған қағида емес. Қарда, құмда, терлеген терезе бетіне, асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, көкөністер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты. Балаға әр түрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған екінші бөлігін салу – шығармашылық қабілетті, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауды дамытады.

Ермексазбен ойын. Ермексаз баланы жалпы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады.

Қағазбен жұмыс. Жай қағаз үлкен мүмкіндіктерге ие. Қағазды кішкентай бөлшектерге жыртып, бөлшектерден сурет салуға болады. Қағазды умаждап, допқа айналдыруға болады, қағазды қыркуға болады. Оригами өнерінің пайдасы ұшан теңіз.

Саусақтарға гимнастика. Саусақтарға арналған ойындар – бұл саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тапқатарды, ертегілерді сахналау. Жаттығулар әртүрлі деңгейде жүргізілуі мүмкін: еліктеуі, сөздік нұсқауы бойынша. Одан басқа:

- Пирамида, мозаика, матрешка құрастыру.
- Қағазға түйме,жіптерді әртүрлі ұзындықта жапсыру жұмысы.
- Тиындарды іріктеу.
- Жарманы жинау.
- Сірінкемен жұмыс
- .- Жуан жіппен түйіншек жасау.
- Құммен, сумен ойнау.
- Бұрандалы шегені, гайканы бұрау.

Ұзын мұртты құмырсқа Келе жатты жұмысқа, Алды допты қолына Қойды допты жолына. Оңға қарады, Солға қарады, Кіп кішкентай допты. Үлкен тау деп ойлапты	Мен ақылды баламын Айтқан тілді аламын, Пингвин болып жүремін Балық ұқсап жүзетмін, Құстай қанат қағамын. Шатырға келіп қонамын, Қиял ғажайыпқа сенетін Мен осындай баламын
Бұғының үлкен үйі бар Терезеден қарайды, Қоян қашып келеді Бұғының үйін көреді, Тук-тук досым есік аш Анау орман,аңшы қаш Қоян-қоян келеғой, Қолыңды маған береғой.	Ара-ара аралар Гүлдерден ол бал алар Көп айналып ұшады, Құлақтарға қонады.

«Кинотерапия»

Кинотерапия – адамның психологиялық әрекетіне әсер етудің бір құралы. Кинотерапияның мәні белгілі режиссердің фильмдерін қолдана отырып адамның ішінде жасырылған психологиялық элементтерге әсер ету.

Кинотерапия желісі: Өткізілген кинотерпияда Әке туралы деректі фильм көрсетілді. Бұл ұсынған фильм арқылы қатысушылар фильмді көру барысында көптеген эмоцияларын шығар білді. Бірі фильмнің кейіпкеріне аяныш сезімін тудырса, бірі бұл фильмдегі кейіпкердің өмірін көз алдына елестете білді. Фильм кезінде фильм көру барысында басқа ойда отырған көрерменде болды. Көпшілігі бұл фильмдегі кейіпкердің орнына өзін қоя бастады. Кинотерпия сәтті орындалды.



